

## Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіру туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 06 маусымдағы № 33-4 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 маусымда № 4711 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 46-4 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 23.09.2015 № 46-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және “Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы” Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі - кемтар балалар) ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің (бұдан әрі - алушы) кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп беру) 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріліп берілсін.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп беруді “Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдармалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

өтініш;

алушының жеке басын куәландыратын құжат;

кемтар балалар үшін – баланың туу туралы куәлігі;

тұрғылықты тұрақты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат;

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;

мүгедектігі туралы анықтама;

мүгедекті оналтудың жеке бағдарламасының картасынан үзінді;  
банкта шоттың бар болуы туралы құжат;

3) салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады;

4) Оқытуға жұмсаған шығындарды өндіру үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне тиісті білім беру кезеңіне тоқсан сайын аудан бюджеті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 22.07.2015 № 45-14 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш аудандық  
мәслихатының XXXIII  
сессиясының мәслихатының  
төрағасы*

*А. КИПШАКБАЕВ*

*Жалағаш аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*К. СҮЛЕЙМЕНОВ*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*“Жалағаш аудандық экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі”  
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*\_\_\_\_\_ Б.Тәшімбетов*

*“Об” маусым 2014 жыл.*

*“Жалағаш аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі” мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*\_\_\_\_\_ Э.Құттымбетова*

*“Об” маусым 2014 жыл.*